

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 765 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.09.2015 № 765 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың уақытылы төленуін қамтамасыз етсін.

3. Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 31 қаңтардағы

N 161 қаулысымен

бекітілген

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 990 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Осы Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі -

Заң) сәйкес әзірленді және арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы комиссиялар - 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр кезеңінде кемінде 6 ай жұмыс істеген адамдардың жұмыс стажын белгілеу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімдерімен құрылатын комиссиялар ;

2) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі - жәрдемақы) - әлеуметтік қорғауды қажет ететіндерге жәрдемақылардың өзге түрлеріне қарамастан берілетін ақшалай төлем ;

3) жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиясы бар ұйымдар, «Қазпошта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері ;

4) жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық органдары ;

5) уәкілетті ұйым - жәрдемақы төлеуді жүзеге асыратын ұйым («Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны) ;

6) уәкілетті ұйымның бөлімшелері - уәкілетті ұйымның қалалық, аудандық бөлімшелері ;

7) уәкілетті ұйымның филиалы - уәкілетті ұйымның облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары ;

8) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны .

2. Жәрдемақы 2001 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған жәрдемақы алушыларға жәрдемақыны қайта тағайындау Заңда көзделген негіздер бойынша ғана жүргізіледі .

3. Жәрдемақы ай сайын ағымдағы ай үшін және оны алуға құқығы туындаған сәттен бастап жәрдемақы тағайындалған шарттардың сақталуы кезеңіне, Заңда белгіленген мөлшерде төленеді .

Жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда жәрдемақы қайтыс болған айды

Жәрдемақы алушы Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда, жәрдемақы төлеу әділет органдарында тіркеуден шыққан айды қоса төленеді.

2. Жәрдемақыны республикалық бюджеттен тағайындаудың тәртібі

4. Заңның 4-бабында көрсетілген негіздер бойынша жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтар жәрдемақы тағайындату үшін тұрғылықты жеріндегі уәкілетті ұйымның бөлімшесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) жәрдемақы алу құқығын растайтын құжаттар;
- 4) өтініш берушінің (отбасы мүшелерінің) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы не ауыл әкімдерінің анықтамасы).

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.01 N 1427 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.04.2014 N 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Жәрдемақы алу құқығын растайтын құжаттар:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін - Ұлы Отан соғысына қатысушының немесе мүгедегінің куәлігі;
- 2) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежедегі Даңқ орденінің, үш дәрежедегі Еңбек Даңқы орденінің иегерлері үшін - награданың куәлігі және (немесе) Ұлы Отан соғысына қатысушының немесе мүгедегінің куәлігі;
- 3) «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағына ие болған адамдар үшін - «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағы берілгенін растайтын құжатты;

4) жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар (Осы Ережеге 2, 3, 4-қосымшалар) үшін: қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін еңбек өткерген жылдарына есептелетін қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін - белгіленген үлгідегі куәлік немесе «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға

теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі - 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заң) сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігі;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары не тиісті кезеңде қорғанысына қатысу 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына есептелетін қалаларда болған адамдар үшін - белгіленген үлгідегі куәлік немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігі;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар үшін - белгіленген үлгідегі куәлік немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігі;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құралымдар құрамында қатысқан адамдар үшін - белгіленген үлгідегі куәлік немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлік ;

қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың жедел іс-қимыл жасау аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бастапқы кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері - белгіленген үлгідегі куәлік немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігі;

коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін»

медалімен әрі «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталған адамдар үшін - «Ленинградты қорғағаны үшін» медаліне немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісіне қоса берілетін немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігі;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа мәжбүрлеп ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары үшін - жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқын куәлігі не екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерде, геттоларда және басқа еріксіз ұстау орындарында мәжбүрлеп ұсталғандығы туралы мұрағаттық анықтама немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігі;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер үшін - белгіленген үлгідегі куәлік, әскери комиссариаттан алынған, басқа мемлекет аумағында соғыс қимылдарына қатысқандығын растайтын анықтама немесе басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығы туралы белгі соғылған әскери билет, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткендігін растайтын құжат және жараланған, контузия алған немесе зақымданғанын растайтын медициналық құжаттар, ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендеріне және медальдарына қоса берілетін куәлік;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар үшін - Чернобыль АЭС-індегі аварияның

зардаптарын жоюға қатысушы куәлігі немесе Чернобыль АЭС-індегі аварияның немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқанын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын құжат немесе әскери комиссариаттан немесе Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінен азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқан фактісін растайтын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын анықтама;

5) жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер үшін — әскери қызметшілер қатарындағы мүгедек екендігі туралы куәлігі (Кеңес Армиясы мүгедегінің жеңілдіктерге құқығы туралы), жараланғаны, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтама, әскери комиссариаттан соғыс қимылдарына қатысқан фактісін растайтын анықтама немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік к у ә л і г і ;

әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар үшін — белгіленген үлгідегі куәлік, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы туралы анықтама, Ішкі істер органдарының, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің тиісті анықтамасы немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігі;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин КСР-і, Беларусь КСР-і, Литва КСР-і, Латвия КСР-і, Эстон КСР-і аумақтарында іс-қимыл жасаған халықты қорғаушы, жауды жоюшы батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлермен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндетін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар үшін - белгіленген үлгідегі куәлік, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтама, әскери комиссариаттан соғыс қимылдарына қатысқан фактісін растайтын анықтама

немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігі;

басқа елдерде іс-қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер үшін - белгіленген үлгідегі куәлік, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтама, тиісті санатын және басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсету салдарынан мүгедек болуын растайтын құжат немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігі;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебімен мүгедектігі тектік байланыстағы олардың балалары үшін - белгіленген үлгідегі куәлік, Чернобыль АЭС-індегі апаттың немесе басқа азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарынан мүгедектігі жөніндегі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органы аумақтық органының анықтамасы немесе Радиациялық әсерге байланысты аурудың себептік байланысын анықтау жөніндегі орталық ведомствоаралық кеңестің қ о р ы т ы н д ы с ы ;

6) Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары мен қайтадан некеге отырмаған жесірлері үшін - әскери қызметшінің қайтыс болғандығы туралы куәлік немесе хабарлама немесе әскери комиссариаттан хабар-ошарсыз кету фактісі туралы анықтама, әскери қызметшіге туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлігі, балалардың туу туралы куәлігі);

7) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің қайтадан некеге отырмаған әйелі (күйеуі), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталған, жалпы аурудың, еңбек жарақатының салдарынан және басқа себептерден (заңға қарсы әрекеттерден басқа) мүгедек деп танылған азаматтардың әйелі (күйеуі) үшін - неке туралы куәлігі, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғандығы туралы куәлік, жұбайының (зайыбының) мүгедектігін растайтын құжат болып табылады;

8) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, ауруы салдарынан қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери

қызметшілердің отбасылары үшін - қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, әскери қызметшінің қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен фактісі туралы әскери комиссариаттан алынған анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары үшін - қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, әскери қызметшінің бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан немесе хабарсыз кету фактісі туралы әскери комиссариаттан алынған анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары үшін - қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза табу фактісін растайтын ішкі істер органдарынан алынған анықтама немесе құжат, қаза тапқан адаммен туыстық байланысын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәліктері);

Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан (қайтыс болғандардың) отбасылары үшін - қаза тапқан адамның өлімі туралы куәлік, Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қайтыс болғанын растайтын құжат, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ, өлімі Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың әсер етуіне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары үшін - сәуле ауруы салдарынан қайтыс болған адамның немесе қайтыс болған мүгедектің, сондай-ақ өлімі Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың әсер етуіне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтың өлімі туралы куәлік, өлімнің радиациялық әсер ету салдарынан болғанын растайтын құжат, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

9) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз

әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар үшін (осы Ережеге 5-қосымша) - белгіленген үлгідегі куәлік немесе марапаттау куәлігі немесе мұрағат анықтамасы немесе марапатталу фактісі туралы жазбасы бар еңбек кітапшасы;

10) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар үшін - еңбек кітапшасы немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда жұмысы туралы мәліметтері бар өзге де құжаттар, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтері бар әскери билет немесе а н ы қ т а м а .

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда жұмысы туралы мәліметтері бар өзге де құжаттарға:

жұмыс орны, сондай-ақ мұрағат мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері б а р қ ұ ж а т т а р ;

бұйрықтардан, жеке шоттары мен жалақы төлеуге арналған ведомостан үзінді кө ш і р м е л е р ;

коммунистік партия немесе кәсіподақ мүшелерінің мүшелік билеттері немесе е с е п к а р т о ч к а л а р ы ;

қызметін бұрын қолданыста болған заңнамаға сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс стажын анықтау жөніндегі, зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың ш е ш і м д е р і ;

с о т ш е ш і м д е р і ;

арнайы комиссиялардың шешімдері;

1998 жылға дейін берілген жеңілдіктерді алуға құқығы туралы куәлік; фабрика-зауыт училищелерінде оқу фактісін растайтын анықтамалар жатады;

11) 1988-1989 жылдарда Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарын жоюға қатысушылар, қоныс аудару күніне құрсақта болған балаларын қоса алғанда, окшаулау және қоныс аудару аймағынан (өз бетімен кеткен) Қазақстан Республикасына қоныс аударғандар қатарындағы адамдар үшін - Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысушының куәлігі немесе Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысу фактісін растайтын құжат, балалардың туу туралы к у ә л і г і ;

12) I, II және III топтағы мүгедектер, оның ішінде 16-дан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органы аумақтық органының мүгедектік топты белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамасы;

13) 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органы аумақтық органының мүгедектікті белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамасы;

14) «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен, I және II дәрежелі «Ана Даңқы» ордендерімен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған көп балалы аналар үшін - марапатталғанын немесе атақ алғанын растайтын құжаттар;

15) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған, оның ішінде жалпы орта білім беретін, жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының күндізгі бөлімінде оқитын балалары бар көп балалы отбасылар үшін, олар кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орнын бітірген уақытқа дейін (бірақ 23 жастан аспайтын) - балалардың туу туралы куәліктері, отбасының құрамы туралы анықтама, сонымен қатар жыл сайын берілетін балалардың оқу фактісі туралы оқу орындарының анықтамалары;

16) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдар үшін - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органы аумақтық органының мүгедектік топты белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамалары, зейнеткерлік куәліктері, ақталған азаматтың куәліктері немесе прокуратура органдарынан немесе ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарынан алынған ақталғаны туралы анықтамалары немесе ақталғаны туралы соттың шешімі;

17) Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар үшін - дербес зейнеткер куәлігі немесе Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы белгілеу жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындау туралы шешімінен үзінді көшірме.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Жәрдемақы тағайындау үшін қажетті құжаттар түпнұсқада және салыстыру үшін көшірмесінде уәкілетті ұйымның бөлімшелеріне ұсынылады, осыдан кейін құжаттардың түпнұсқалары мен құжаттың қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің жыртпалы талоны өтініш иесіне қайтарылады.

Уәкілетті ұйымның бөлімшесі өтініш иесінен қабылданатын құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар көшірмелерінің сапасын және түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысандағы журналда тіркеледі.

7. Уәкілетті ұйымның бөлімшесі өтініш берушіден өтініш пен құжаттар қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш иесі осы Ережеге

сәйкес ұсынған құжаттардан қалыптастырылған қағаз жеткізгіштегі іс макетін (бұдан әрі - іс макеті) және өтініш иесінің электрондық цифрлық нысанда қалыптастырылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық іс макетін (бұдан әрі - электрондық іс макеті) қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Уәкілетті ұйым бөлімшесінің маманы электрондық іс макетін қалыптастыру үшін іс макетін сканермен көшіреді, сканермен көшірілген құжаттардың сапасын және олардың қағаз жеткізгіштегі макетке сәйкестігін тексереді, шешімнің жобасын осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысанда қалыптастырады, жәрдемақы мөлшерінің есебін жүргізеді және оларды электрондық цифрлық қолтаңбамен к у ә л а н д ы р а д ы .

Шешімнің жобасы жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық-цифрлық нысандағы құжатты (бұдан әрі - шешім жобасы) б і л д і р е д і .

Уәкілетті ұйым бөлімшесінің басшысы электрондық іс макетінің қағаз жеткізгіштегі макетіне сәйкестігін, сканермен көшірілген құжаттардың сапасын, жәрдемақы мөлшерін есептеудің, шешім жобасының ресімделуі дұрыстығын тексереді және оны электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.

8. Уәкілетті ұйымның бөлімшесі электрондық іс макетін шешімнің жобасымен және осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған электрондық хабарламамен қоса, электрондық байланыс арқылы уәкілетті ұ й ы м н ы ң ф и л и а л ы н а б е р е д і .

9. Уәкілетті ұйымның филиалы келіп түскен электрондық іс макеті мен шешімнің жобасын екі жұмыс күні ішінде қарайды, есептің және шешімнің дұрыс ресімделуін тексереді, осыдан кейін оны электрондық хабарламамен бірге жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді. Шешімнің жобасы уәкілетті ұйым филиалы маманының және басшысының электрондық-цифрлық қ о л т а ң б а с ы м е н к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

10. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешімнің жобасымен қоса келіп түскен электрондық іс макетін бес жұмыс күні ішінде қарайды және жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

Шешім - басқарма (бөлім) маманының, басшысының және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған, жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық цифрлық нысандағы құжат (бұдан әрі - ш е ш і м) б о л ы п т а б ы л а д ы .

11. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның маманы:
1) шешімді осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысандағы электрондық

журналда нөмір бере отырып, автоматты режимде тіркейді;

2) электрондық іс макетін шешіммен және электрондық хабарламамен қоса уәкілетті ұйым бөлімшесіне электрондық байланыс арқылы жібереді.

Электрондық іс макеттердің есебін жүргізу үшін қағаз жеткізгіштегі электрондық хабарламаның данасы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті о р г а н д а қ а л а д ы .

12. Уәкілетті ұйымның бөлімшесі жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімімен қоса электрондық іс макетін алғаннан кейін, осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес нысандағы электрондық журналда іске нөмір береді, одан кейін көрсетілген шешімді қағаз жеткізгіште өтініш иесінің іс макетіне қосып т і г е д і .

13. Сканермен көшірілген электрондық іс макетінің берілген құжаттарында күмән туындаған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган электрондық іс макетімен салыстыру үшін уәкілетті ұйым бөлімшесінен істің м а к е т і н с ұ р а т а д ы .

14. Егер жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган келіп түскен электрондық іс макетінен шешім қабылдау үшін қажетті құжаттың (құжаттардың) жоқ екенін анықтаған және (немесе) шешім жобасынан қате тапқан жағдайда, электрондық іс макеті шешім жобасымен және электрондық хабарламамен қоса уәкілетті ұйым бөлімшесіне электрондық байланыс арқылы қайтарылады.

Электрондық хабарламаның тиісті бағанында қайтарудың нақты себебі к ө р с е т і л е д і .

Уәкілетті ұйымның бөлімшесі қайтарылған электронды іс макеті келіп түскен күннен бастап: бес жұмыс күні ішінде анықталған қатені жояды және (немесе) өтініш беруші қосымша құжаттарды ұсынған кезде отыз жұмыс күні ішінде электронды іс макетін осы Ереженің 7-11-тармақтарында көзделген тәртіппен қ а й т а р е с і м д е й д і .

15. Жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешімде бас тарту н е г і з д е м е с і н к ө р с е т е д і .

Бұл ретте электрондық іс макеті электрондық хабарламамен және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның бас тарту себептері туралы хатымен қоса уәкілетті ұйымның бөлімшесіне электрондық байланыс арқылы қ а й т а р ы л а д ы .

Уәкілетті ұйымның бөлімшесі жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органнан хат келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы өтініш иесіне жазбаша хабарлайды және ұсынылған құжаттарды (өтінішті қоспағанда) жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның бас тарту себептері туралы хатымен қоса өтініш иесіне

қ а й т а р а д ы .

16. Егер шешімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін негіздеме болып табылатын немесе жәрдемақының мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туындаған жағдайда, уәкілетті ұйымның бөлімшесі осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес нысандағы шешім жобасын дайындайды және оны жаңадан ұсынылған құжаттармен, олар бар болса, толықтырылған электрондық іс макетімен бірге осы Ереженің 7-11-тармақтарында көзделген тәртіппен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға бекітуге жібереді.

17. Жәрдемақы оны алу құқығы туындағаннан кейін жәрдемақы тағайындау үшін өтініш берілген күннен бастап тағайындалады. Барлық құжаттарымен бірге өтініш берілген күн өтініш жасалған күн болып есептеледі.

5-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға жәрдемақы өтініш берілген күннен бастап тағайындалады.

Жәрдемақы тағайындалуы үшін негіздеме жойылған жағдайда жәрдемақы алушылар бұл туралы он жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымның бөлімшесіне х а б а р л а у ғ а м і н д е т т е н е д і .

Жоғарыда көрсетілген тұлғалар тағайындау үшін қажетті стажы туралы толық емес мәліметтер ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйымның бөлімшесі бес жұмыс күні ішінде құжаттарды арнайы комиссиялардың қарауына осы Ережеге 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

Арнайы комиссиялар ұсынылған материалдарды осы Ереженің 4-тарауына сәйкес қарайды.

3. Республикалық бюджеттен жәрдемақы төлеудің тәртібі

18. Жәрдемақы төлеуді уәкілетті ұйым жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті органдар арқылы жүзеге асырады.

19. Уәкілетті ұйым жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органдар қабылдаған шешімдердің негізінде жәрдемақы төлеуге қаражат қажеттілігі туралы өтінім жасайды.

Уәкілетті ұйым ай сайын 25-күні жәрдемақы төлеуге қаражат қажеттілігі туралы өтінімді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) ұсынады.

20. Министрлік тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарларына сәйкес бөлінген сомалар шегіндегі қаражатты уәкілетті ұйымның есеп айырысу шотына аударады.

21. Уәкілетті ұйым облыстар, Астана және Алматы қалалары бөлінісінде жәрдемақыларды төлеу жөніндегі кестені жасайды және белгіленген тәртіппен алушылардың ағымдағы шоттарына аудару жолымен жәрдемақы беру жөніндегі

уәкілетті ұйымға төлем тапсырыстарымен аударылады.

22. Бөлінген қаражат бойынша Министрлік пен уәкілетті ұйым арасында ай сайын салыстырып тексеру актісі жасалады.

23. Төленген сома бойынша уәкілетті ұйым мен жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдардың арасында ай сайын салыстырып тексеру актілері жасалады.

24. Жәрдемақы беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу уәкілетті ұйым мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның арасында заңнамада белгіленген тәртіппен жасалған шарттың негізінде жүргізіледі.

Жәрдемақы алуға құқығы бар адам қайтыс болғаннан кейін жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым алған, қайтыс болған адамның шотына аударылмаған жәрдемақы сомасы уәкілетті ұйымға оның бөлімшесінің хаты (өкімі) негізінде қайтарылады.

4. Арнайы комиссиялар

25. Бар жұмыс стажы туралы құжаттар болмаған немесе толық ұсынылмаған кезде, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғандағы жұмыс стажын арнайы комиссиялар белгілей алады.

26. Арнайы комиссия жергілікті өкілді органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, Ардагерлер кеңестерінің, қоғамдық бірлестіктердің, уәкілетті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар уәкілетті органдарының, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, әскери басқарманың жергілікті органдарының өкілдерінен тұрады.

27. Арнайы комиссиялар:

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғандағы еңбек стажын растау үшін ұсынылған құжаттардың мазмұны мен тиісінше ресімделуін құқықтық бағалауды;

куәгерлердің айғақтамалары бойынша жұмыс стажын белгілеуді (куәгерлерге сұрақтар қоюды);

өтініш берушінің жұмыс стажын белгілеу үшін қажетті құжаттарды сұратуды;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алған кезеңдегі жұмыс стажын белгілеу (немесе белгілеуден бас тарту) туралы шешімдер шығаруды;

жұмыс стажын белгілеу туралы құжаттарды қараудың барысы туралы өтініш берушілерге жазбаша хабарлауды жүзеге асырады.

28. Арнайы комиссиялар жұмыс стажын белгілеуді өтініш берушіні бір кәсіпорында, ұйымда, мекемеде, ұжымдарда бірге істеген жұмысы бойынша

білетін және оған қатысты өтініш берушінің жұмысын растайтын уақыт ішінде өзінің жұмысы туралы құжаттары, оның ішінде егер зейнетақы ісіндегі деректер бойынша еңбек стажы куәгердің айғақтары бойынша зейнетақы тағайындалғанда ескерілсе, куәгерлердің өздерінің жауаптарының хаттамалары бар, бір куәгер айғағының негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

29. Арнайы комиссиялар куәгерлерді жеке айғақтар үшін шақыру немесе куәгерлердің қолының түпнұсқа екендігі нотариалды тәртіппен куәландырылған кезде олардың жазбаша айғақтарын қараумен шектелу туралы мәселені өз қарауы бойынша шешеді.

30. Өтініш берушіде жұмыс фактісі туралы құжаттар сақталмаған, сондай-ақ өтініш берушінің 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығындағы жұмысын растайтын куәгерлерді ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайларда, жұмыс фактісін арнайы комиссия Ардагерлер кеңестерінің қолдау хаттары негізінде белгілейді.

Қолдау хатқа мұрағат органдарының, ұйымдардың мұрағаттардың жоқ екені туралы анықтамалары қоса беріледі.

31. Уәкілетті ұйымның бөлімшелерінен қарауға келіп түскен құжаттар осы Ереженің 13-қосымшаға сәйкес журналда тіркеледі.

32. Арнайы комиссия келіп түскен құжаттарды күнтізбелік он күн ішінде қарайды және жетіспейтін құжаттарды тиісті ұйымдардан (кәсіпорындардан) сұрату немесе куәгерлерге сұрақ қою туралы шешім қабылдайды.

33. Өтініш иесімен 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда бірге жұмыс істеу фактісін растай алатын куәгерлер болса, осы Ережеге 14-қосымшаға сәйкес нысанда куәгерлерге сұрақ қою хаттамасы жасалады.

34. Қажетті құжаттарды жинау, куәгерлерге сұрақ қою қорытындылары бойынша арнайы комиссия еңбек стажын белгілеу туралы осы Ережеге 15-қосымшаға сәйкес нысанда шешім шығарады және оны уәкілетті ұйымның бөлімшесіне жібереді.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.04.2014 N 322 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ауданның коды _____
Қ а з а қ с т а н Республикасы
_____ облысы (қаласы) бойынша
Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті

Өтініш

Азамат(ша) _____
(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

Туған күні 19__ ж. «__» _____ тұрғылықты мекенжайы:

Жеке шотының № _____ Банктің атауы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

Жеке куәлігінің (паспортының) мәліметтері: № _____,
кім берген _____, берілген күні _____.

Маған _____
(санаты көрсетіледі)

ретінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауды сұраймын.

Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуына байланысты, жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мемлекеттік арнаулы жәрдемақы, зейнетақы аламын (керегін сызады)

Сіз арнаулы әлеуметтік жәрдемақыны өзге негіздер бойынша аласыз ба _____

_____ (иә, жоқ; бар болса, қандай негіз бойынша екені көрсетіледі)

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Төленетін жәрдемақы мөлшеріне әсер ететін өзгерістер туындаған жағдайда, сондай-ақ тұрғылықты мекенжайы (оның ішінде ҚР тыс жерге кету), сауалнама мәліметтері, банк деректемелері өзгерген жағдайда олар туралы уәкілетті ұйымның бөлімшесіне 10 жұмыс күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.

20__ ж. «__» _____ Өтініш берушінің қолы _____

Азамат(ша) _____ өтіші

20__ ж. «__» қабылданды. № _____

Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы _____

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжат атауы	Құжаттағы парақтар саны	Ескерту

_____ (қию сызығы)

Қоса берілген құжаттармен азамат(ша) _____ өтініші

_____ данада 200__ ж. «__» _____ № _____ тіркелді, құжаттар

20__ ж. «__» _____ қабылданды.

(құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

Төленетін жәрдемақы мөлшеріне әсер ететін өзгерістер туындаған жағдайда, сондай-ақ тұрғылықты мекенжайы (оның ішінде ҚР тыс жерге кету), сауалнама мәліметтері, банк деректемелері өзгерген жағдайда олар туралы уәкілетті ұйым бөлімшесіне 10 жұмыс күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындау және төлеу ережесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуымен ұрыс қимылдары жүрген қалалар мен жүргізілген кезеңдердің тізбесі

Одесса қаласын қорғау: 1941 жылғы 10 тамыздан 16 қазанға дейін.

Ленинград қаласын қорғау: 1941 жылғы 8 қыркүйектен 1944 жылғы 27
қаңтарға дейін.

Севастополь қаласын қорғау: 1941 жылғы 5 қарашадан 1942 жылғы 4 шілдеге
дейін.

Сталинград қаласын қорғау: 1942 жылғы 12 шілдеден 19 қарашаға дейін.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындау және төлеу ережесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуымен басқа мемлекеттер аумағында жүргізілген ұрыс қимылдары кезеңдерінің тізбесі

Алжирдегі ұрыс қимылдары: 1962 - 1964 жылдар;

Мысырдағы (Біріккен Араб Республикасы) ұрыс қимылдары: 1962 жылғы қазаннан 1963 жылғы наурызға дейін; 1967 жылғы маусым; 1968 жыл; 1969 жылғы наурыздан 1972 жылғы шілдеге дейін; 1973 жылғы қазаннан 1974 жылғы наурызға дейін; 1974 жылғы маусымнан 1975 жылғы ақпанға дейін (Суэц арнасын минадан тазартуға қатысқан Қара теңіз және Тынық мұхиты флоттары тралшыларының жеке құрамы үшін).

Йемен Араб Республикасындағы ұрыс қимылдары: 1962 жылғы қазаннан 1963 жылғы наурызға дейін; 1967 жылғы қарашадан 1969 жылғы желтоқсанға
дейін.

Вьетнамдағы ұрыс қимылдары: 1961 жылғы қаңтардан 1974 жылғы
желтоқсанға дейін.

Сириядағы ұрыс қимылдары: 1967 жылғы маусым; 1970 жылғы наурыз-шілде
; 1972 жылғы қыркүйек-қараша; 1973 жылғы қазан;

Анголадағы ұрыс қимылдары: 1975 жылғы қарашадан 1991 жылғы желтоқсанды қоса алғанда.

Мозамбиктегі ұрыс қимылдары: 1967 - 1969 жылдар, 1975 жылғы қарашадан 1979 жылғы қарашаға дейін; 1984 жылдың наурыз айынан 1988 жылғы тамыз айын қоса алғанда.

Эфиопиядағы ұрыс қимылдары: 1977 жылғы желтоқсаннан 1990 жылғы қарашаны қоса алғанда.

Ауғанстандағы ұрыс қимылдары: 1978 жылғы сәуірден 1989 жылғы 15 ақпанға дейін.

Камбоджадағы ұрыс қимылдары: 1970 жылғы сәуір - желтоқсан.

Бангладештегі ұрыс қимылдары: 1972 - 1973 жылдар (КСРО Әскери-Теңіз Флоты корабльдері мен көмекші кемелерінің жеке құрамы үшін).

Лаостағы ұрыс қимылдары: 1960 жылғы қаңтардан 1963 жылғы желтоқсанға дейін; 1964 жылғы тамыздан 1968 жылғы қарашаға дейін; 1969 жылғы қарашадан 1970 жылғы желтоқсанға дейін.

Сирия мен Ливандағы ұрыс қимылдары: 1982 жылғы маусым.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне 4-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуымен ұрыс қимылдары болған мемлекеттер, аумақтар және жүргізілген кезеңдер тізбесі

Азаматтық соғыс: 1918 жылғы 23 ақпаннан 1922 жылғы қазанға дейін.

Кеңес-поляк соғысы: 1920 жылғы наурыз-қазан.

Испаниядағы ұрыс қимылдары: 1936 - 1939 жылдар.

Финляндиямен соғыс: 1939 жылғы 30 қарашадан 1940 жылғы 13 наурызға дейін.

Ұлы Отан соғысы: 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 (11) мамырға дейін.

Жапониямен соғыс: 1945 жылғы 9 тамыздан 1945 жылғы 3 қыркүйекке дейін.

Басмашыларды жою жөніндегі ұрыс операциялары: 1922 жылғы қазаннан 1931 жылғы маусымға дейін.

Хасан көлі ауданындағы ұрыс қимылдары: 1938 жылғы 29 шілдеден 11 тамызға дейін.

Халкин-Гол өзеніндегі ұрыс қимылдары: 1939 жылғы 11 мамырдан 16 қыркүйекке дейін.

КСРО, Батыс Украина және Батыс Белоруссия қосылған кездегі ұрыс іс-қимылдары: 1939 жылғы 17-28 қыркүйек.

Қытайдағы ұрыс қимылдары: 1924 жылғы тамыздан 1927 жылғы шілдені қоса алғанда; 1929 жылғы қазан - қараша; 1937 жылғы шілдеден 1944 жылғы қыркүйекті қоса алғанда; 1945 жылғы шілде-қыркүйек; 1946 жылғы наурыздан 1949 жылғы сәуірді қоса алғанда; 1950 жылғы наурыз-мамыр (ӘШҚ әскерлерінің жеке құрамы үшін), 1950 жылғы маусымнан 1953 жылғы шілдені қоса алғанда (Солтүстік Кореядағы ұрыс іс-қимылдары Қытай аумағынан қатысқан әскери бөлімшелердің жеке құрамы үшін).

Венгриядағы ұрыс қимылдары: 1956 жыл.

Даман аралындағы ұрыс қимылдары: 1969 жылғы наурыз.

Жалаңашкөл ауданындағы ұрыс қимылдары: 1969 жылғы тамыз.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне 5-қосымша

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін берілетін наградаларға жатқызылған бұрынғы КСРО медальдарының тізбесі

«Ерлігі үшін» Ушаков медалі
«Жауынгерлік еңбегі үшін» Нахимов медалі
«Ерен еңбегі үшін»
«Үздік еңбегі үшін»
«Ленинградты қорғағаны үшін»
«Москваны қорғағаны үшін»
«Одессаны қорғағаны үшін»
«Севастопольді қорғағаны үшін»
«Сталинградты қорғағаны үшін»
«Киевті қорғағаны үшін»
«Кавказды қорғағаны үшін»
«Кеңестік Заполярьені қорғағаны үшін»
«Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін»
«Жапонияны жеңгені үшін»

«1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін»

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне 6-қосымша

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау жөніндегі азаматтардың өтініштерін тіркеу ЖУРНАЛЫ

Басталды _____

Аяқталды _____

Р/с №	Өтініш берілген күн	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Өтініш берушінің туған күні мен жылы	Тұрғылықты жері	Жәрдемақы санаты

кестенің жалғасы

Тағайындау күні	Шешімді бекіту немесе департаменттің бас тарту күні және хабарламаның №	Департаменттен ЗТМО бөлімшесіне жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы хаттың түскен күні	Жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы өтініш берушіге хабарлаған күні	Ескертпе

Журналда _____ парақ нөмірленді және тігілді
(санмен және жазумен)

М.О. ЗТМО _____ бөлімшесінің бастығы _____
Т.А.Ә

Күні 20__ ж. «__» _____ қолы _____

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындау және төлеу ережесіне
7-қосымша

К о д _____

Облыс (қала) _____

_____ облысы (қаласы) бойынша

Бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің

20__ жылғы «__» № _____

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау
(өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы

ШЕШІМІ

І с т і ң № _____

Азамат(ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Жынысы: _____ Туған күні: «__» _____ ж.

Өтініш берілген күн «___» 20___ ж. № _____

(мүгедек баланың ата-анасының/асырап алушысының Т.А.Ә.)

I. «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңының___ бабына сәйкес _____ нысаны бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалсын.

Айлық жәрдемақы мөлшері 20___ ж. «___» ___ бастап 20___ ж. «___» ___ қоса алғандағы мерзімге _____ теңге сомасында _____ (сомасы жазумен)

II. Тағайындаудан бас тартылсын: _____

(негіз)

Департамент директоры _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

Департамент басқармасының
(бөлімінің) бастығы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

Департаменттің тағайындау
жөніндегі маманы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

Шешімнің жобасын дайындағандар:
ЗТМО бөлімшесінің бастығы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

ЗТМО бөлімшесінің маманы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

ЗТМО облфилиалының директоры _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

ЗТМО облфилиалының маманы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындау және төлеу ережесіне

8-қосымша

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ХАБАРЛАМА

№ ___ 20___ ж. «___» _____

уәкілетті ұйым бөлімшесі төменде көрсетілген азаматтардың электрондық макетін қарауға жіберіп отыр:

						Қарау жөніндегі белгі	

р/с №	Т.А.Ә.	Парақ саны	Істің №	Жәрдемақы мөлшері	Жәрдемақы түрі	Бекітілді шешімнің нөмірі мен күні)	(Қайта ресімдеуге қайтарылды (бас тарту, құжаттардың дұрыстығын тексеру)	Қайтару себебі	Қарау деңгейі (ЭІМ статусы)

Барлығы _____ электрондық іс макеті қоса беріледі
 Барлығы _____ электрондық іс макеті бекітілді
 _____ электрондық іс макеті қайтарылды

ЗТМО бөлімшесінің бастығы _____ /Т.А.Ә./	ЗТМО обффилиалының директоры _____ / Т . А . Ә . /
ЗТМО бөлімшесінің маманы _____ /Т.А.Ә./	ЗТМО обффилиалының маманы _____ / Т . А . Ә . /
шығыс № 20___ ж «___» _____ (ЗТМО обффилиалына жіберу күні)	кіріс № ___ 20___ ж. «__» _____ (ЗТМО бөлімшесінен келіп түскен күн)
шығыс № ___ 20___ ж. «__» _____ (департаментке жіберу күні)	
Департамент директоры _____ /Т.А.Ә./	
Департамент басқармасының (бөлім) бастығы _____ / Т . А . Ә . /	
Департамент маманы _____ /Т.А.Ә./	
кіріс № ___ 20___ ж. «__» _____ (ЗТМО обффилиалынан келіп түскен күн)	
шығыс № ___ 20___ ж. «__» _____ (ЗТМО бөлімшесіне жіберу күні)	
ЗТМО бөлімшесінің бастығы _____ /Т.А.Ә./	
ЗТМО бөлімшесінің маманы _____ /Т.А.Ә./	
кіріс № ___ 20___ ж. «__» _____ (департаменттен келіп түскен күн)	

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне 9-қосымша

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау жөніндегі шешімдерді тіркеудің электрондық журналы

Р / с №	І с №	Т.А.Ә.	Шешім №	Тіркеу күні

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне 10-қосымша

_____ іске нөмір берудің электрондық журналы

--	--	--	--	--

Р / с №	І с №	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Өтініш берушінің туған күні	Тұрғылықты мекенжайы

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне 11-қосымша

К о д _____

Облыс (қала) _____

_____ облысы (қаласы) бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің

20__ жылғы «__» № _____

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерін өзгерту және (немесе) шешімнің қолданылу мерзімін ұзарту туралы

ШЕШІМІ

І с т і н № _____

Азамат(ша) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Жынысы: _____ Туған күні: «__» _____ ж.

Өтініш берілген күн 20__ ж. «__» _____ № _____

(мүгедек баланың ата-анасының/асырап алушысының Т.А.Ә.)

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы санаты _____

I. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау туралы «__» _____ 20__ ж.

№ _____ шешімнің қолданылу мерзімі ұзартылсын: жәрдемақы мөлшерін 20__ ж. «__» _____ бастап 20__ ж. «__» _____ қоса алғандағы мерзімге _____ теңге сомасында _____ белгіленсін. (ж а з у м е н)

II. Айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақының жаңа мөлшері белгіленсін: жәрдемақы мөлшерін 20__ ж. «__» _____ бастап 20__ ж. «__» _____ қоса алғандағы мерзімге _____ теңге сомасында _____ (с о м а с ы ж а з у м е н)

III. Тағайындаудан бас тартылсын: _____

(негіз)

Департамент директоры _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

Департамент басқармасының (бөлімінің) бастығы _____

Департаменттің жөніндегі маманы _____ (Т.А.Ә.) _____ (қолы)
тағайындау

_____ (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

Шешімнің жобасын дайындағандар:
ЗТМО бөлімшесінің бастығы

_____ (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

ЗТМО бөлімшесінің маманы

_____ (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

ЗТМО облфилиалының директоры

_____ (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

ЗТМО облфилиалының маманы

(Т.А.Ә.) _____ (қолы)

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындау және төлеу ережесіне
12-қосымша

Арнайы комиссияның қарауына жіберілетін құжаттардың тізімі

р/с №	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Тұрғылықты жері	Істегі парақ саны

М . О . _____ Б е р д і :

ЗТМО бөлімшесінің бастығы _____

(Т.А.Ә.) _____ (қолы)

Күні 20__ ж. «__» _____ Қолы _____

Қ а б ы л д а п _____ а л д ы :

Арнайы комиссия хатшысы: _____

Т.А.Ә.

Күні 20__ ж. «__» _____ Қолы _____

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындау және төлеу ережесіне
13-қосымша

Уәкілетті ұйым бөлімшесінен қаралуға келіп

түскен құжаттарды тіркеу

ЖУРНАЛЫ

				Келіп түскен	Құжаттарды қарау жөніндегі арнайы комиссия		Құжаттарды қарау мерзімін

Р/с №	Құжаттар келіп түскен күн	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Мекен-жайы, телефоны	құжаттар саны	жасаған әрекеттер	Арнайы комиссияның шешімі	ұзарту, себептері

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне 14-қосымша

Куәгерлерге сұрақ қою хаттамасы

№ _____ Күні _____

арнайы комиссиясы

1. _____
Өтініш берушінің хабары

(Т.А.Ә., мекенжайы, туған күні, жеке куәлігінің нөмірі)

Мен, өтініш беруші, куәгерлерге сұрақ қоюыңызды өтінемін:

(Куәгерлердің Т.А.Ә., тұрғылықты мекенжайы)
хабарлаймын.

2. Куәгерге сұрақ қою: _____

(Т.А.Ә., мекенжайы, туған күні, жеке куәлігінің нөмірі)

Өтініш берушімен бірге жұмыс істегенін растау үшін берілген құжаттар

Мен, _____ куәгер,
көрсетемін.

Өтініш берушінің қолы

Арнайы комиссияның төрағасы

Арнайы комиссияның мүшелері

Мөрдің орны

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу ережесіне

15-қосымша

Күні _____, № _____ хаттамаға

_____ арнайы комиссиясының шешімі

Шешім:

Азамат(ша)

_____ (күні) бастап _____ (күні) дейін
стаж белгіленді деп есептелсін

_____ жыл есепке алынсын

Арнайы комиссияның төрағасы

Арнайы комиссияның мүшелері

Мөрдiң орны

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 31 қаңтардағы

№ 161 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдік беру мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық, жергілікті атқарушы органдарға және заңды тұлғаларға оған байланысты шығындарды өтеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі № 527 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., № 18, 155-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі № 527 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 1365 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., № 45, 438-құжат).

3. "Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру кезінде отын босату нормалары, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін және байланыс қызметтерін тұтыну туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 тамыздағы № 1266 қаулысының 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., № 38, 362-құжат).